

**"Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 808 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 22 мамырдағы № 333 бұйрығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 808 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпараты цифрлық дерекқорына жедел санкцияланған қол жеткізу арқылы беріледі.";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың меншіктің мемлекеттік мониторингінің цифрлық дерекқорына қол жеткізуі осы Қағидалардың 4,5,6 және 7-тармақтарында белгіленген көлемде айқындалады.

12. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің цифрлық дерекқорына қол жеткізуді жүргізу мен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды уәкілетті орган жүзеге асырады."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК